

84.5 K23

Е 83 И

Бейсенбай Есмуқанов

# АМАНАТ





Бейсенбай Есмуқанов

# АМАНАТ

Өлеңдер мен поэмалар



АЛМАТЫ  
ЖАЗУШЫ 1998

ББК 84 Қаз 7—5

Е 78

Редакторы  
А. ЕСТЕН

37605

**Есмұқанов Б.**

**Е 78 Аманат: Өлеңдер мен поэмалар.— Алматы: Жазушы, 1998.— 80 бет.**

ISBN 5-605-01593-1

Бейсенбай Есмұқанов — өмірден қыршын кеткен талантты ақындардың бірі. Небәрі жиырма бес жыл ғана ғұмыр кешкен ақынның Отанға, туған жерге, жарық дүниеге деген құштарлығы отты жырларынан айқын аңғарылғандай.

«Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...» деп ұлы Абай айтқандай, бұл кітап — арманда кеткен ақынның өшпес ізі, соңына қалдырған асыл мұрасы.

ББК 84 Қаз 7—5

Е 4702250202—20 құлақтандырылмаған —98  
402[05]—98

ISBN 5-605-01593-1

© «Жазушы» баспасы, 1998

Северо-Казакстанская  
областная библиотека  
им. С. МУҚАНОВА  
г. Петропавл

## ҚЫРШЫН ҒҰМЫР

Талантты адамның дүниеден ерте өткен өкініші күрсінтеді, өшпес із қалдырғаны сүйсінтеді. Міне, сондай әрі қимас, әрі арттағы аманатынан нұрлы сезімдерге бөленетін тағдырмен табысып отырмыз. Ұсынылып отырған өлеңдер мен поэмалардың авторы өмірден ерте өткен жас ақын, асыл ағамыз Бейсенбай Есмұқанов. Ол 1927 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданындағы «Бостандық» аулында дүниеге келді. «Әттеген-ай»-дегізер жері де сол — тағдыр оған зор дарын берсе де ұзақ өмір бермеді, ол 1952 жылы не бары жиырма бес жасында, ақындық атағы жаңа шыға бастаған кезінде дүние салды.

Сұрапыл соғысы бар, соғыстан кейінгі ауыр жараны жазар дамылсыз күндері бар, аласапыран заманда, «тайдың мінгені білінбес, баланың істегені білінбес» дегендей кезең еді. Ауылдың азаматтары соғыста жүргенде қара табан, күс алақан естияр балалар колхоздың қиырсыз, шексіз жұмысын шал, кемпірлермен бірге тындырды. Кітап оқуға да қол тигізбес, ырық бермес балғын күндерінен бастап, Бейсенбайдың сезімтал жүрегіне бақыт құсы ерте

қонып, ақындық шабыт ұя салды. Абай мен Пушкинді мың сан қайталап күпінбей күтініп өлең жаза бастады.

Мектепте оқып жүрген күндердің өзінде жас талант қап түбінде жатпас алмас кездіктей өз қырының алғашқы жарқылын көрсете бастады. Көшкен бұлттың ар жағынан көрінген сәуір — жұлдыздай анда-санда жарқырап, жыр сәулесін айқындай түсті. Мектептің қабырға газеті сонау алыс түкпірде, тайгаға таяу жатқан қазақ ауылының балалары үшін тамаша құбылыс іспетті. Кезекті газетті асыға күтіп, шыққан бетте таласа оқып, маңызын елге таратып, шыбынға тигізбей қабырғада қастерлейтін. Жас өнердің жарысындай тайталас жасап, онда да бәсекелестері, өз тетелестері алақандай газеттегі аз орынды тай, құлындай жарыспай, жағадан мықтап алыспай, тегіннен тегін беріп қоймайтын. Онда да оқушылардың арасындағы өз жүйрігі жеңетін. Бейсенбай оқуда үздік, өлең жазуда өзгеден шебер, тереңдеу болып, «ақын бала» атанып кетті. Өзі де сұңғақ бойлы, аққұба жүзді көркем еді. Екі көзінің теңіздей терең ойлылығы бесенеден белгі тастап тұратын, ширақ біткен денесі жинақтылық білдіріп, көлге ұмтылған лашындай көңіл аудартап қоймайтын. Әрине, ол кезде қыздарға да, мұз-қарға да, соғыс берген ызғарға да шағын өлеңдер аз да болса арналды ғой. Ол алғашқы дәптерлер әлі қолға түскен жоқ.

Бейсекеңнің осы жинаққа кіргізіліп отырған өлеңдері мен поэмаларының аудандық, облыстық, астаналық газеттердің бетінде жарық көрмегені некен-саяқ. Себебі осы туындыларының бәрін жинақтап өлең туын, аға туын көтеріп

жүрген туған інісі, қазақтың белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Ғазиз Есмұқанов негізінен газеттерден жинап алды. Қай күні, қай газетте шыққаны да белгілі. Санаулы ғана кейбір өлеңдері қолда қалған деректерден алынды.

Бейсекеңнің Пушкиннің «Болдин күндері» секілді шабытты шағы Қарағандыдағы мұғалімдік институтта оқып жүргенде және сол оқу орнын тәмәмдап, Қостанай облысы Пресногорьков ауданы «Жаңа жол» орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беріп жүрген кездерінен басталады. Не бары төрт жыл, үш ай ғана ақындықтың қызығына да, қызуына да еркін түсті. Бұл қыршын кетудің ең бір өкініштісі шығар. Бүкіл қазаққа керек тамаша жас талант, зор дарын — жас ақын қапыда мерт болған жас қырандай бұл жалғаннан бақиға тым ерте аттанып кетті. Есіл-Тобыл аспанының бір жұлдызы қара жерге ағып түскендей өкінішті ажал ағайын елді, білген достарын шын теңселтті, шын өкіндірді.

Ол кездегі арқалы ақынымыз, қазақтың асыл ұлы, классик жазушымыз Сәбит Мұқанов көз қиығын салып, «өз биігі бар ақын екен» — деп назар аударды. От-жалыннан ойнап шыққандай өлең, жырларымен жарқ еткен майдангер ақиық ақын Сырбай Мәуленов те Бейсенбайға сүйсініп, ақындықтың ақ тұйғыны Ғафу Қайырбековпен таныстырды. Амал не, ақындықтың үлкен жолына жаңа түсе бастаған нағыз адуынды шағында Бейсекең сол ағаларымыздың бәрін де, ел, жұртты да қайғы, мұңға орап өте шықты. Ел маңдайына, жер маңдайына сыймай кетті.

Сол небары төрт жыл үш айдың берген жемісі — өлеңдері мен поэмалары. Өз басым қолыма шағын жинақтың машинкаға басылған қолжазбасы түскенде, бірінші парақтағы жұтынып тұрған тармақтарды көзім шалғанда шын жүректен қуанып кеттім. «Отаным» — деген өлеңді аттап өте алмайсың. Қай ақын өз Отанына өлеңін арнамады. Қазақтың өлең өресінде де, сөресінде де Отан жайлы өлеңдер аз емес қой.

«Арайыңда шын түледім,  
Құлшындырды құшағың кең.  
Сен — деп соғып, жас жүрегім,  
Бір өзіңе ұқсадым мен»—

дейді Бейсенбай.

Міне, бар гәп соңғы екі тармақта «Сен деп соғып, жас жүрегім, бір өзіңе ұқсадым мен». Бұл сөздерде жас ақынның жан сезімі, өмірге деген шын құштарлығы, келешекке деген бағыт-бағдарламасы, өлеңге деген қанат қағысы жатқан жоқ па?! Белинскийдің: «Қоғамның нақты сәулесін көрсетпеген әдебиет ойлы адамдардың назарын аудармайды, тайыз шабыттың талғажаусыз, әлсіз ермегі болып қала береді» — деген дана сөздері еске түседі. Өзі көрген өмірдің сәулесін көркем сөзбен, айшықты мәнермен ашып беруге ұмтылу Бейсенбайдың да негізгі арманы. Сол арманының айғағындай тамаша өлеңдер оқыған жанның құмарын қандыруы шәк келтірмейді. Ақын жүрегінің лүпілі әр шумақтан есіп тұр. «Бір өзіңе ұқсадым мен» — дегені: өз таланты да, тұлғасы да, фәлсәфасы да, салт, санасы да туған еліне ұқсап тұру. Шынында да ақын үшін, азамат үшін бұл ең зор бақыт емес пе. Ресей десек Пушкин,



Ұлыбритания десек Байронның бейнесі елестемей ме? Оларға қоса «Евгений Онегин», «Чарльз Гарольдтар» көз алдыңнан өтпей ме? Данышпан Абайымыздың өзі де бар болмысымен, қайталанбас заңғайыр дана тұлғасымен қазақтың кең шалқар, маңғаз да кербез, ойлықырлы, таулы, баулы кең даласына ұқсап тұрған жоқ па? Ақ иық Мағжан да өз дәуірінің үнін, арманын ашық паш етіп ата, баба ізгі тілегін айтып өтті, қазағына ұқсас болумен бірге, әлемдік поэзияға құлаш созды.

Бейсенбайдың қолда бар өлеңдеріне зер салсаңыз, сол даналарға ұқсастығы мол. Ол мына бір шумағында айқын танылады.

«Талпындым, құлаш жайдым, тағат таптым,  
Шабытшыл шаттанады ерке жаным.  
Бақытқа қиядағы қанат қақтым,  
Күтеді алдымда зер болашағым».

Өз болашағымен ел болашағын астастырып, байланыстырып, бірлестіріп тұрған жоқ па? Орасан ойда ортақтас үміт, сенім, асыл арман жатыр. Адам жаны осындайдан нәр алады, осындайға жетемін — деп ұмтылады.

«Қыз тағдыры» — деген өлеңінде:

«Бүгін сол алған серті орындалып,  
Жүлдегер тұрды биік орынды алып.  
Шахтадан қайтқан кезде құттықтаған,  
Қуанды менің ыстық қолымды алып»—

десе, бұл — сол кездегі көмір қазған Қарағанды. Ол кезеңдерде әйелдер де ер қатарлы шахтада еңбек етті. Кейінде әйелдердің шахтада жұмыс істеуі тоқталса да, бұрынғы өмір осындай болған, сол заманның бұл да бұлжымай түскен бір көрінісі, ақиқаты, тарихтың нақ-

тылы таңбасы. Ақын жыры осындаймен құнды көрінеді.

Еліміздегі кеңінен аты танылған атақты майдангер, соғыстан алтын жұлдыз тағып оралған, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері бұл күнде Қызылордада тұратын батыр ағамыз Жәлел Қизатовқа арнаған Бейсекеңнің «Қазақстан солдаты» деген өлеңі барлық өлеңдерінің ішінде шоқтығы биік дара тұр.

Ерлікке Жәлелді бастаған не — десе, қандай құдіретті күш тұр десе: ол — шалқар маңғаз даласы, ол — артында қалған анасы, ол — есен келер — деп аңсап, сусап күтіп жүрген сүйген жары.

«Аянбады ажалдан,  
Артында дарқан елі үшін.  
Сескенбеді тажалдан,  
Беу, қара көз сен үшін»—

деп толғатқан жерлері соғыс тақырыбына жазылған өлеңдердің сүбелісіне жатады. Ал, сол өлеңде:

«Осылай аға, ақылдым,  
Қорқыныштардан безіп жүр.  
Оқ қағар серті батырдың  
Жеңерін ертең сезіп жүр»—

дейді.

Міне, нағыз ақындықтың, жарқ еткен жүрек жұлдызының тамаша сәулесі. Соғыстағы Жәлел ессіз ерліктің иесі емес, ол солдаттардың ішіндегі «ақылдысы», ертең жеңіске жетерін сезіп жүрген «оқ қағары» бар, сертке берік ер жігіт. Осы жерде Абай атамыздың:

«Білгендердің сөзіне,  
Махаббатпен ерсеңіз.  
Ақыл сенбей сенбеңіз,  
Бір іске кез келсеңіз»—

деген асыл сөздері еске түседі. Бейсенбай да жалмауыз жауды Отан сүйгіш, ел сүйгіш, ана сүйгіш, жар сүйгіш «ақылдыға» жеңгізіп отыр. Бұл бүгінгі өтпелі кезеңнің де дербес ел үшін қызу майданына керек ғибрат. Кез келген істі ақылмен жеңу фәлсафасы. Осы өлеңнің ең соңғы шумағын оқығанда селк етпес жүрек болмас. «Барғанда «Белгісіз солдат алауына», Батырдың еріндері дірілдеді». Ғаламат қой, дәл тапқан. Қасиетті жерден соғыстан оралмаған достарын естігенде еріндері дірілдесе, ол — жан толқуы, ол — іштей айтқан аяты, ол — шәһиттерге тірілердің атынан арнаған алғысы. Бұл өлең Бейсекең поэзиясының құз қияда өскен, мәңгі жасыл бәйтерегі. Ол бәйтеректің жасыл алауы бүгінгі дербес елдің көгілдір туымен қанаттасып тұр. Нағыз поэзия дегенің осы шығар, ол — өмірдің айнасы. Ендеше, Б. Есмұқановтың поэзиясындағы соғыс көріністері сол биіктен өшпес із боп көрініп тұр.

Табиғатқа, адамға арналған құштарлық сезімге толы өлеңдер өте ұстамды жазылған. Ақын өзінің оқытушылығын, тәрбиешілігін, ұстаздығын ұмытпайды. Ол әсіре қызыл әшекейден аулақ. Бейсекең табиғат пен адам тағдырын, бүкіл ғасыр сипатын қат-қабат бейнелеуге өте шебер. «Ақ қайың» атты өлеңінде:

«Бұл қайыңды ағам еккен,  
Бірсыпыра жылдар бұрын.  
Ол майданға сапар шеккен,  
Қолына ұстап намыс туын»—

деп әдемі үйлестіріп, шынайы келтірген. Артағы өмір үшін де, бүгінгі болмысымыздың тарих берген төл сипатын ұғыну үшін де қажетті

ұғымдар туындайды. Өлеңді түгел оқығанда «Ақ қайың» соғыстан оралмаған ағасына ескерткіш секілді көрінеді. Содан кейін «мен ағайдың жолын ұстап, тіздім талай мың қайыңды» — дегенде барлық соғыстан оралмаған ағаларымыздың бейнелерін көз алдыға елестетесің. Толқып тұрған ақ қайыңдар, қалың ағаштың арасындағы әр «Ақ қайың» тірі адамша толғанып, тербеліп тұрғандай сезінесің. Бұл поэзияның нағыз құдіретті күші емес пе? Бейсекеңнің өлеңдерінде дәл осындай келісін тапқан бейнелі көріністер аз емес.

Сол орайдағы шабыт желісі өрби, өршелене, кең құлаш жая түскені «Ел тілегі» — деген өлеңінде ерекше белгі тастайды.

«Тілеген бейбітшілік алып үнге,  
Үн қосты: өзен, орман, жанып гүл де.  
Жаңғырып бәрі бірге қайталайды,  
Қара бұлт түспесін — деп жарық Күнге».

«Алып үнге» — деп отырғаны бейбітшілік ұранын тастаған сайып қыран — Адам үні. Оған табиғат барша болмысымен қосылып бейбітшілікті сақтауда адам, жер, су, ауа, гүлдер қалай үндескенін нақысына жете кемел толғаған. «Жарық Күнге» — дегені бар адамзатқа арналған жүрек лүпілі, тілек кеңдігі. Нағыз гуманист ақын өзінің елін ғана емес, бүкіл жер шарын түгел қамтиды. Өне сондай жалпы адамзаттық тебіреністер Бейсенбай ақынның поэзиясында берік орын алған. Бұл ақынның кең құлаштылығын, кемеңгерлігін танытады.

Дүниежүзілік тақырыпқа бой ұрған бір тамаша өлеңі «Екі кино». Мұнда сыңаржақ идеологияның әпербақан, алақай саясаты емес, адам-

ның ішкі сезімін қозғайтын тебіреністер бар. Ол тебіреністер өзінің өзекжарды серпінімен оқыған жанды толқытпай қоймайды. «Отырды қарт — жаралы жан, қан майданды есіне алып» — десе сенесің, сұрапыл соғыс өрті шарпыған кезеңдерді есіңе салғанда, үмітшілдік толқындарын аңғарасың. Бұл сергек сезімдер, бүгін де керек сезімдер. Бейнешілдік, кең суреткерлікпен қан ойнатып, жан маздататын осындай шумақтар ақынның адуындап келе жатқан өнегелі өресін, оның поэзиясының ағынды арнасын көрсетеді. Өлең тілімен, көркем сөз күшімен өмір шындығын, өмір талабын ұштастырып реалистік пен гуманистік іргесін тамаша біріктіреді. Бүкіл адамзатқа келісті де келісімді тілекпен уағыздайды. Бұл арқалы ақынның адамзаттық өресін түпкі кредосын, берік діңгегін айдан айқын аша түсетін өлеңдер. Бүгінгі дербес Қазақстанның өз құқығын қорғау жолында үлгі, өнеге боларлық өлеңдер.

Табиғат пен махаббат Бейсенбай-аға шығармаларында ақтума уыздай, сүттей таза, көз жасындай мөлдір қалпында, тербеле аққан өзеннің егіз толқынындай бауыр басып, қатар жүреді. Бір қызығы табиғаты қатал Солтүстік Қазақстанның төл тумасы қысты да, жазды да бірдей жақсы көреді. Ақынның сол табиғи мінезі өлеңдерінде жақсы өріс алған. Махаббат жазиралы көктемді де, аязды ақпанды да бірдей баурамай ма? Қыс қырауын көп көрген Бейсекеңнің махаббатына еш ызғар, боранды үскірік кедергі бола алмайды. Ол үшін көктем мен жаздың еш айырмашылығы жоқ, махаббат іңкәрлығын аяз да, аптап та бөгей алмайды. «Аязды күн» атты өлеңінде:

«Неткен сұлу қыстың күні  
Үнсіз сүйіп арбаған  
Естіледі ғашық үні,  
Маған әнін арнаған»—

«Сүйіп» тұрған Есілдің Сібірге тартқан шымшыма аязы ғой, бір ысытып, бір суытып арбаған махаббат оты ғой. Аязда да «ғашық үні» жан баурап, естіліп жатыр. «Махаббатқа қыс пен жазың бірдей тең, сүйер едім ақпандатып бір келсең» — деп, әлгі шумақты оқығанда өзім де еріксіз өлеңдетіп кеттім. Махаббатқа төрт мезгілдің бәрі бір — деп тұр ғой. Бұл қазақ поэзиясында некен-саяқ кездесетін құбылыс. Әлбетте өзге ақындарда махаббат үшін айлы түн, жылы кеш қолайлы. Бейсенбай философиясы бойынша шын махаббат үшін жазғы шаңқай түс те, қысқы өткір аяз да кедергі бола алмайды. Бейсекеңнің өлеңі де әдемі, ар жағынан көрінген ақ бетін өткір аяз сүйген қыз да әдемі. Бұл бір шумақтың өзі де Б. Есмұқановтың елеуліден аттанып, көрнектілікке құлаш ұрғанын айқын дәлелдейтін жалаулы өлеңі, махаббат тақырыбының таңдаулылары қатарына жатады.

Ақындықтың анасы — суреткерлік. Бейсекеңнің өлеңдерінде және поэмаларында бояуы айқын тірі суреттер естен қалмастай бір оқысаң көз алдында көп күндер бірге жүреді.

«Күлімдеп қарақаттай қара көзі,  
Астасып Ай нұрымен ақша жүзі.  
Ойнақтап ақ боз аты билеп басқан,  
Жылқының шетінде жүр қазақ қызы»—

дейді «Жылқышы қыз» өлеңінің бір шумағында. Осының өзі қолында бояуы бар суретшіге нағыз ояу көріністер. Өлеңде де, сөзде де, су-

ретшілікте де еш мүлтік жоқ, сұлу сазға әр буыны әуен төгіп, іле қосылып, сұранып тұр. Бұл өлең жолдарын оқығанда ішіңнен «шіркін-ай», тым болмаса қырық жасқа жеткізбегенін-ай, тағдырдың» — дейсің. Өкініште шек жоқ, бірақ, тағдыр солай пішкен соң аз жылда артына өшпес із қалдырып кету нағыз мырза дарынның ғана, туған елім — деп еңіреп туған ердің ғана қолынан келетін іс. Қыршындығын жыр шындығы, сыршылдығы ұмыттырып тұр. Айта берсек Бейсенбай Есмұқановтың тамаша ақын екендігін аша түсер көп іздетпес деректер көп, бірақ оған оқушының өз көзі де жетер. Асыл ағаның аманаты ел жүрегіне ұяласын — дейміз. Есілдің аспанынан ағып түскен қыршын жұлдыз жарқылымен жазып кеткен алтын ізі сөнбейді — деп сенемін. Жолың болсын, шабытты шумақтар, өміршең өрімдер, жолың болсын ғажайып өлеңдер!

Кәкімбек Салықов.  
5.XI.97 жыл.

## ӨЛЕҢДЕР

---

### ОТАНЫМ

Жан ұясы шын бақыттың,  
Өзіңде өстім, ер жеттім.  
Саяңда мен үн қатыппын,  
Ақ бесікте тербеттің.

Арайыңда шын түледім,  
Құлшындырды құшағың кең.  
Сен деп соғып жас жүрегім,  
Бір өзіңе ұқсадым мен.

### ОЙ

Ойсыз ісің жөңсіз соқпақ,  
Ойсыз жанның алды тар.  
Ойсыз талап — әлсіз қорқақ,  
Аяғын тез шалдырар.

Өмірді көп ойға салып,  
Өзіме ақыл беремін.  
Ойдан нұрлы азық алып,  
Сыр маржанын теремін.

17.03.1950 жыл.



## **АУЫЛЫМДАМЫН**

Оқудан келдім аулыма,  
Жаздың бір ашық кешінде.  
Тартқандай ыстық баурына,  
Ойнатты жайлау төсінде.  
Көтеріп көңіл сәулесін,  
Ауыл тұр нұрға бөленіп.  
Тербетіп әні жаз кешін,  
Маңырап жатыр төл өніп.  
Гүліңнен қандай гүл артық,  
Жұпарын септі қандай күш.  
Күніне тұрдым құмартып,  
Берсін деп тәңірім сондай күш.

Оқудан тұрмын оралып,  
Қойныңа жылы енуге,  
Білімнен келдім нәр алып,  
Жас ұрпаққа беруге.

16.06.1950 жыл.

## **МЕН — АЗАМАТ**

Мақтанам.

Мен Отанның азаматы,  
Шаттанам...

Осынау елде туғаным.  
Бойымда... Мәңгі ыссы махаббаты,  
Төгеді ыстық сәуле нұр жаным.

Шалқимын, қуанамын, көңілім шат,  
Ер жеттім, еркін ерке азаматпын.  
Сайлаймын тұңғыш рет мен депутат,  
Болуға асыл ұлы адамзаттың.

Мен мұнда жарқырасам күндей күліп,  
Мұхиттың ар жағында сырлас өмір.  
Бұлқынып біздің елге көзін тігіп,  
Қызығып қарай ма екен құрдас негір!

Талпындым, құлаш жайдым, тағат таптым,  
Шабытшыл шаттанады ерке жаным.  
Бақытқа қиядағы қанат қақтым,  
Күтеді алдымда зор болашағым.

10.10.1950 жыл.

### **ҚЫЗ ТАРТУЫ**

Еркіне еңбек атты үлес тиіп,  
Тұлғалы сал бойына қайрат жиып.  
Шаттықтың шетін көпке үлестіріп,  
Қаракөз қазақ қызы тұр жымыып.  
Кеше ол жөнеу салса ой жүгіне,  
Дәл бүгін тамсандырды барлық елді.  
Әйелдер теңдік алған той күніне,  
Бермекші артық көмір, артық кенді.  
Бүгін сол алған серті орындалып,  
Жүлдегер тұрды биік орынды алып.  
Шахтадан қайтқан кезде құттықтаған,  
Қуанды менің ыстық қолымды алып.

Қарағанды қаласы.  
8.03.1950 жыл.

## ҚЫЗЫЛ ГҮЛ

57605

Бақшада тұр қызыл гүл,  
Желмен ойнап желпіне.  
Ғашығымдай бейне бір,  
Көз қадаймын көркіне.  
Күн нұрымен құлпырып,  
Жұпар шашты ырғала.  
Тұрғандай ол ұмтылып,  
Мәңгі жазға бір ғана.  
Бұлбұл қонып шерткен наз,  
Осы гүлдей жаспын мен.  
Менің өмірім — мәңгі жаз,  
Бақыт берген жас күннен.  
Шашады ол жұпарын,  
Шашақтары таралып.  
Кеуде кере жұтамын,  
Гүл иісінен нәр алып.  
Лепірді жас көңілім,  
Гүлді көріп түрленген.  
Өйткені сондай өмірім,  
Маған шатты күн берген.


2.04.1950 жыл.

## АҚ ҚАЙЫҢ

Тербеледі, теңселеді,  
Тереземнің дәл алдында.  
Ару қайың сүйкімді еді,  
Сүйіскім келіп қалдым ба?!

Бірсыпыра жылдар бұрын.  
Бұл қайыңды ағам еккен,

3—1698



Ол майданға сапар шеккен,  
Қолына ұстап намыс туын.

Оралмады қайран ағам,  
Ерлікпен ол қаза тапты.  
Кеткендей ол беріп маған,  
Жүрек күшін — махаббатты.

Ақ қайыңды содан бері,  
Сүйдім мен де нақ өзіңдей.  
Сүйді ерке Есіл желі,  
Жан-ағаның өз көзіндей.

Жаңа арнаның жолын бастап,  
Егіп кетті ол бір қайыңды.  
Мен ағамның жолын ұстап,  
Тіздім талай мың қайыңды.

9.05.1950 жыл.

## **КӨКТЕМ ЖЕЛІ**

Самал сая, жібек қанат ерке жел,  
Бар аймақты еркін кезіп, шалқи бер.  
Қазағымның ескі, жаңа сырын шерт,  
Қарулансын сол әнменен барлық ел.

Бейбітшілік жолындағы бар халық,  
Ләззат алар, естір әнді шаттанып.  
Вашингтон, Лондондағы достарым,  
Сәлем айтар бізді бар—деп мақтанып.

Дүниеде ажал өмір сүрмесін,  
Тілектестер, бауырластар түрленсін.

Бейбіт өмір құшағында бар халық,  
Өссін, толсын, май гүліндей гүлденсін.

5.04.1951 жыл.

### **БАСПАСӨЗ**

Сен үйреттің шығар жолды,  
Күдігінен үркек күннің.  
Сенің даусың басшы болды,  
Жолын сілтеп үздік үннің.

Құдіретті сенің үнің,  
Соны бағдар, бағыт шекті.  
Жарқырады әрбір күнім,  
Шаттық шашты, бақыт екті.

Сүйіп халық ардақтайды,  
Өз тумасын, өз мұрасын.  
Мақтан етіп асқақтайды,  
Айтар сөзде сен тұрасың.

Шақырдың сен, халықтарды,  
Әділдікке, жақсы өмірге.  
Жөнге салып жорықтарды,  
Дем бердің сен жүрдің бірге.

Майда, жылы әр сөзіңнен,  
Шын достықтың есті лебі.  
Ақ тілекті біл көзімнен,  
Жүрегіммен сүйем сені.

10.04.1951 жыл.

## **ЕКІ КЕЗЕҢ**

### **I. Белоруссия жерінде**

Ішінде майдан, астында оқтың,  
Диқаншы күнді ұмытқан жоқпын.  
Өткіздім күндер партизан болып,  
Достармен бірге ішінде оттың.

Соғыса білдік, еңбек те еттік,  
Қираттық жауды, егін де еттік.  
Егін мен бақты немістер өртеп,  
Селомен бірге жасты да төттік.

Соғыс та бітті, өлім жоқ обыр,  
Еңбекпен еркін жайнады өмір.  
Күндерде бейбіт жайқалып өскен,  
Еселі болды дәніміз әрбір.

### **II. Біздің үлес**

Теңселіп желмен толқиды егін,  
Құлпыртып әсем ауылдың жерін.  
Таза боп өскен дәнінен әрбір,  
Көргендей болам ағайын терін.

Егіскем мен де, сөгілмей ірге.  
Терімді төгіп қарттармен бірге,  
Шертісіп сырды қасында достың,  
Қыздармен келгем әзілқой тілге.

Күндерге бейбіт арнап сол дәнді,  
Қостық біз үлес өмірге сәнді.  
Егінде жүрген еңбекқор күндер,  
Есімнен кетпей жасайды мәңгі.

10.10.1951 жыл.

## ЕЛ ТІЛЕГІ

Кең залда бос орын жоқ, толған халық,  
Үндеуге қол қоюға кезек алып.  
Тасқыны жарды жаншып, тауға басып,  
Самғайды бейбіт тілек, түнді жарып.

Ақ жапқан сақал, шашын қария Қасым,  
Дайындап қол қоюға қарындашын.  
Қамқоры барлық жанның, бейбіт күннің,  
Бейбіт күн,— дейді балам көп жасасын!

Тілейміз! Жарқын өмір, бейбітшілік!  
Қарсымыз! Соғысқа біз — қанды бүлік!  
Деген сөз, шықты қайнап жүректерден,  
Бақытқа құшақ жая, күндей күліп.

Тілеген бейбітшілік алып үнге,  
Үн қосты: өзен, орман, әсем гүл де.  
Жаңғырып бәрі бірге қайталайды,  
Қара бұлт түспесін,— деп жарық күнге.

25.09.1951 жыл.

## ЕКІ КИНО

### I. Аязды күн

Кинодан Том үйіне еніп,  
Әкесіне былай деді:  
«Басқа елдің жерін бөліп,  
Алу қалай қызық еді.  
Кинодан мен келдім көріп,  
Жері сұлу, әлсіз елді.  
Байлығы мол, малы өріп,  
Толған дала, көгал жерді».

«Жоқ,— деді қарт — сенбе оған,  
Жас ойыңды улап отыр.  
Тілегіңді жарқыраған,  
Қанды жолға айдап салар.  
Көрген елің әлсіз емес,  
Хал, қуаты бізден артық.  
Халқы батыр, жеңіс бермес,  
Шаттығы бар, тұрған шалқып.  
Олар соғыс тілемейді,  
Қызықпайды бөтен жерге.  
Оларды кек билемейді,  
Бір майданда жүрдік бірге».—  
Деген кезде жанарынан,  
Бір тамшы жас кетті тамып.  
Отырды қарт — жаралы жан,  
Қан майданды есіне алып.



## II. Біздің кино

«Бейбітшілік күндерінде»,  
Деген, аға, кино көрдім.  
Бар арманым ілгеріде,  
Жолын құсам инженердің.

Бейбітшілік мәңгі болып,  
Керсең менің жеткенімді.  
Жүргенімді тастан соғып,  
Үш қабат қып мектебімді.

Соғыс деген қандзай жаман,  
Кинодан бір көріп едім.  
Кетер емес құлағымнан,  
Даусы жанған нәрестенің.

Құрсын соғыс, салам өзім,  
Әдемі үй, үлкен мектеп —  
Деп, төңкеріп қара көзін,  
Ерке інім асылды кеп.

«Ие,— деймін, ойын танып,—  
Отты соғыс есімде.  
Жүрсек,— деймін мектеп салып,  
Нұрлы дүние көшінде.

11.10.1951 жыл.

## ҚУАНЫШТЫ ХАТ

Қуанышты бүгін Кәрім,  
Көңілі жарқын, жүзі шат.  
Ағасына айтып бәрін,  
Сағынышты жазды хат:  
«Сау жүрмісіз, жаным аға,  
Күзетінде шекараның.  
Тез келер — деп, күлім қаға,  
Сені аңсап хат жазамын.  
Бейбітшілік ұранына,  
Қостым бүгін мен де дауыс.  
Айтсам, шіркін, жаным аға,  
Шаттығымды ауызба-ауыз.

Бейбітшілік өмір үшін,  
Қойдым қолды бірге көппен.  
Жаршысы боп әділ істің,  
Әділ істің нұрын төккен.

Күнді күтіп қуанышты,  
Сәлем айтты ақ шашты анаң.  
«Берік қорға — әділ істі,  
Дейді сізге, — біз бастаған».

20.04.1951 жыл.

## ТЫҢДА, ЗҰЛЫМ

(Соғыс өртің тұтандырушылардың есіне)

Тыңда, зұлым!  
Тыңдатамын еріксіз.  
Өшеді үнің,  
Біз берілмес берікпіз.  
Соғыс — мүддең,  
Тілегің — қан шөлдейсің.  
Күндей күлген, —  
Бақытымды күндейсің.  
Болмақ емес,  
Ойлағаның, қанды ауыз.  
Құрғақ емес,  
Бар жоспарың, сұм жауыз!  
Бейбітшілік! —  
Көптің, менің тілегім.  
Аласұрған,  
Ұқпас сенің жүрегің.  
Елім бейбіт,  
Тыңда сөзді шындықтан!  
Көз алартпа,  
Болсаң адам сөзді ұққан.  
Тоқтат, жол жоқ!  
Жаңа соғыс дабылын.  
Үкімі — сол,  
Азаматтық арымның.  
Айта аламын,  
Тілегімді бөгетсіз  
Жас адаммын,  
Қанды жолың керексіз.  
Адамзаттың —  
Қорғанышы өмірде,  
Азаматпын соғыс сүймес елімде.

20.04.1951 жыл.

## ҚАРДАН ЖАСАЛҒАН ПІШІН

Төсегімнен тұрып ерте,  
Шықсам сыртқы: қақпадан.  
Жамылғандай дала көрпе,  
Ақ жібек, ақ мақтадан.

Балалар жүр қардан қалап,  
Қорқынышты бір пішін.  
Денесіне қос бас қадап,  
Аран қыпты бар тісін.

Қызыл бояу саусақтары,  
Шашы сояу түрпі дер.  
Жазылулы тұр аттары  
Геббельс пен Гитлер.  
Көшеменен келе жатқан,  
Көріп бір қарт бұрылды.  
Қарт солдаттан жауын тапқан,  
Екі бас та жұлынды.

Ұқтым мен де қарттың кегін,  
Ұқтым жүрек жалынын.  
Жазасы — деп Әділеттің,  
Үкімі — деп — арының...

7.11.1951.

## САЙЛАЙМЫЗ БІЗ

Өмірімнің қорғанышы,  
Халық соты — әділ сот.  
Әділдіктің таразысы,  
Досқа қорған, жауға оқ.

Сайлаймыз біз сүйген халқым,  
Ұл мен қызын елімнің.  
Қорғайды олар адам даңқын,  
Ақтайды ел сенімін.

Сыйлаймыз біз!  
Өйткені ол,  
Құқық жолын қорғайды.  
Жат қылыққа бермейді жол,  
Ар мүддесін қолдайды.

Қалтырасын, қорқа берсін,  
Өміріме жат жаулар.  
Талқандалсын, жерге енсін,  
Ұрлық, қылмыс, алдаулар.

Доллар емес табынарым,  
«Тақсыр» емес бас иерім.  
Табынарым — әділ заңым,  
Адал өмір — бар сүйерім.

1.12.1951 жыл.

## АЛТЫН ЗАҢ

Жас кезімнен,  
Бір өзіңнен —  
Таптым достық, әділдік.  
Таптым бақыт,  
Тұрған шалқып —  
Болашаққа әзірлік.  
Қағу көрмей,  
Сұлу гүлдей,  
Еркін өстім, ер жетіп.  
Алтын заңым,  
Аяладың,  
Әділ, жарқын ер етіп.  
Басты иіп,  
Қолын сүйіп,  
Көргемін жоқ тақсырлап.  
Жонды тіле,  
Жаза дүре,  
Соғылған жоқ, салып дақ.  
Бір тілекпен,  
Шын жүректен,  
Біз, жүздей ұлт достасып.  
Жақсы өмірге,  
Шықтық бірге,  
Ән шырқап, қол ұстасып.  
Мол еңбекпен,  
Сәуле төккен,  
Жарқыраттық өмірді.  
Сол бір сәуле,  
Дүниеге,  
Өшпес нұрдай көрінді.  
Сол сәуледен,  
Үрейленген,  
Жарық таңның жаулары.

Қабақ түйіп,  
Іші күйіп,  
«Соғыс», «Қан»,— деп зарлады.  
Зұлымдықты,  
Жеңіп шықты,  
Бейбіт, өктем даусымыз.  
Қостап бізді,  
Дүние жүзі,  
Деді: «Біз де қарсымыз!»  
Осы күштер,  
Айбынды істер,  
Алтын заңның табысы.  
Арналады,  
Бақыт таңы —  
Саған халық алғысы...

15.11.1951 жыл.

## **ОСЫ ЗАҢНАН ТАРАҒАН**

Айдан ашық, күннен жарық,  
Құшағында бір нұрдың.  
Жас жаныма ләззат алып,  
Еркін өстім, құлпырдым.

Сол бір нұрдан өміріме,  
Бақыт лебі еседі.  
Сол бір нұрдан көңіліме,  
Жарқын сәуле түседі.

Нұр шұғыласы, бақыт кілті —  
Өмір заңы — жаңа заң.  
Ерлік, бақыт, шаттық, күлкі,  
Осы заңнан тараған.

Өз қолымен жазған Заңды,  
Туған елде бар адам.  
Аңсап күтіп, осынау таңды,  
Табынады жан анам.

1951 ж.

### **БЕЙБІТШІЛІК КӨГЕРШІНІ**

Есті жайлап жібек қанат сырнай-жел,  
Бейбітшілік көгершіні шырқай бер.  
Шаттық жырын, жанның сырын жеткіз тез,  
Қарулансын сол жырменен барлық ел.

Бейбітшілік жолындағы бар халық,  
Естіп жырды қуат алар шаттанып.  
Вашингтон, Лондон, Париж, Чикаго,  
Жолды берер, өтерсің сен қақ жарып.

Ажал оғы ешбір өмір сүрмесін,  
Сол үшін сөк қара бұлттың іргесін.  
Бейбіт өмір құшағында бар халық,  
Өссін, толсын, бауырласып гүлденсін.

1951 ж.



## ЖАЗҒЫ КЕШТЕ

Аспанда қалқып алтын ай,  
Сәулесімен жер сүйіп.  
Құшқандай бетті аймалап,  
Ерке желден леп тиіп.

Мүлгіп орман кең дала,  
Шашып жұпар гүлінен.  
Тұрғандай үнсіз ойлана,  
Сыр шешіп, бұлбұл үнінен.

Осы кеште тамылжып,  
Бір ән шықты толқынды.  
Қалықтай бірде жер сызып,  
Біресе көкке бұлқынды.

«Аттың сыны» ой тербеп,  
Асыл әні Абайдың.  
Жүрек толқып, ой сергеп,  
Қыз жүзіне қараймын.

Ән иесі — қарындас,  
Туған айдай шалқыған.  
Кең самалда қолаң шаш,  
Қыз балбырап балқыған.

Қазақ үшін жылқының,  
Бар асылы есінде.  
Жылқы емес «қыз сынын»,  
Ұқтым жаздың кешінде.

10.7.1949 ж.

## СӘЛЕМ

Демократия жолындағы,  
Қымбатты достар, ер жүрек!  
Гималай, Балқан тауындағы,  
Тыңда отты төңірек.

Қабыл ал, сәлем жалындаған,  
Қазақтың шымқай жасынан.  
Өр жүректен ағындаған,  
Құрыш-болат тасынан.

Жүрегінде мәңгі сөнбес,  
Үміт, сенім тұрады.  
Батыр халық біз жеңілмес,  
Бейбітшілік — тұрағы.

Кел достарым! Бір бақытта,  
Тартайық жол өмірге.  
Мұңды ғасыр шеккен шақта,  
Баспады күн жеңілге.

Бейбітшілік бұлбұлдары,  
Ел ішінде жүр ұшып.  
Еркін дала ұл, қыздары,  
Бірін бірі жүр құшып.

Әнім шатты, жаным дарқан,  
Соғыс үні маған жат.  
Шошымасын сүйген қалқам,  
Құшақ жайсын махаббат.

13.07.1949 ж.

## ОТАН

Қойының — жаз, құшағың — нұр,  
Лебің — шекер, Отаным.  
Далаңда — бақыт, бағыңда—бұлбұл,  
Шалқыған шаттық әр таңым.

Жас жүректі салар сынға,  
Ғашық лебі нұрмен тең.  
Қанат серпе биік шыңға,  
Өсті арулар гүлмен тең.

Іңкәр лебі нәр береді,  
Бақыт құйып жаныма.  
Сол еді ғой бар керегі,  
Махаббаттың таңына.

Ардақтаймын, Отан-ана,  
Бақшасысың бақыттың.  
Махаббаттың сенен ғана,  
Бал, шекерін татыппын.

19.07.1949 ж.

## МЕН ҚАЙСАРМЫН

Мен қайсармын — жігер оты жайнаған,  
Қайраттымын — қажымаймын, талмаймын.  
Мен жас ұрпақ — бойда қуат қайнаған,  
Құтты қанат қыран болып самғаймын.

Ел сенімі — дем берушім, жүрегім,  
Шексіз сүйем туған дала гүл-өңін.

Күркіреген көкте күнге үн қосып,  
Тер кетпестей текті өмір сүремін.

Жан анамның бата берген қолы бар,  
Ата, баба асыл арман — жолы бар.  
Жігер алдым жарқын өмір нұрынан,  
Маған да бір сәтті кезең жолығар.

3.09.1950 ж.

## ҚАЗАҚСТАН

Кеше ғана қандай еді,  
Туған елім, келбетің.  
Маңайлатпай бақыт сені,  
Қарсы ұстады жел бетін.

Үн қостың сан күреске,  
Ер халықтың салтымен.  
Іліктің тең үлеске,  
Көрші орыс халқымен

Құшақ жайып туысқан,  
Түрлі ұлтпен достастың.  
Көшің өрлеп шығыстан,  
Ескі өмірмен қоштастың.

Жеріңді де гүлденттің,  
Еңбегің мен жеңіспен.  
Жауды да талқан күл еттің,  
Еліріп, ессіз егескен.

Тарту ғып тарттым отты жыр,  
Жалынын елге тең етем.  
Құтты болсын отыз жыл,  
Толықсып толған мерекең!

26.08.1950 ж.

## ҚЫС КҮНДЕРІ

(А. С. Пушкиннің «Қысқы кеші» ізімен)

### I. Боран

Соқты боран бұрқап, гулеп,  
Ұлпа қарды ұшырып.  
Кейде баяу, орғып билеп,  
Кейде сыңсып, ысқырып.

Ұлып, кейде тағы аңдай,  
Жемін таппай ашыққан.  
Зырлап, кейде тыным алмай,  
Жолаушыдай асыққан.

«Көр», — дегендей үй-ішіне,  
Терезені қағады.  
Налығандай өз ісіне,  
Мұңды әнге салады.

Ойнақтайды асыр салып,  
Аспан бетін жасырып.  
Шаршағандай кейде талып,  
Ышқынады «аһ» ұрып.

Соқ, соқ, боран!  
Қаттырақ соқ!  
Қар үйіріп борашы,  
Ауылымда еш қаул жоқ,  
Малдың жылы қорасы.

Ақ қарыңнан үйген сенің,  
Байтақ далам нәр алар.  
Сол далада көктегегін,  
Сай мен сала жанданар.

Қорқу болмас мұз қарыңнан,  
Жеңер оны айбат бар.  
Қарқын алар ызғарыңнан,  
Жүрегімде қайрат бар.

## II. Аязды күн

Көлбей түскен күн нұрынан,  
Жалтылдайды ақша қар.  
Мұң айтқандай өз сырынан,  
Елестейді от жанар.

Қар жамылған кербез дала,  
Орман қырау оранған.  
Қарағандай құмарлана,  
Көрінеді ол маған.

Жаусаң ақ қар жік-жік болып,  
Сыр ұғамын назыңнан.  
Терезеге өрнек толғып,  
Қыз хатындай жазылған.

Ашық аспан жалт-жұлт еткен,  
Көк күмбезді көмкерген.

Ару көрем ғашық дерттен,  
Қара көзін төңкерген.

Неткен сұлу қыстың күні,  
Үнсіз сүйіп арбаған.  
Естіледі ғашық үні,  
Маған әнін арнаған.

1951 ж.

## **ШӨЛДЕГІ ОРМАН**

Ұйтқытып құмын бораған,  
Есімде еді, сол дала.  
Кезімде қайта оралған,  
Қарадым бүгін таңдана.

Жоғалыпты аңызғақ жел,  
Лебі ыстық от қанатты.  
Жасыл киіп көгеріп жер,  
Төсіне гүл қадапты.

Қуаң тартқан сол далаға,  
Бүгін жаңа өң кіріпті.  
Көк теңіздей айдындана,  
Көркем қыздай көл күліпті.

Жасыл киген сұлу орман,  
Жазда — салқын, қыста — пана.  
Сарбаздардай сапта тұрған,  
Қорғап елін айбаттана.

Дауылы жоқ сыңсып жылап,  
Зарлы әуен қозғайтын сыр.

Сәнді өмір жырын жырлап,  
Сайда сайрап бұлбұл жүр.

Гүлдене бер, көркейе бер,  
Анам менің — туған жерім.  
Нұр себуге қандай шебер,  
Жасыл алқап, асыл төрім.

Елдің басы бірігіпті,  
Қоныс етіп орман маңын.  
Жарылқашы күні құтты,  
Ауылымның болашағын.

## **ЖАҚШЫ ӨМІР ШЫРАҒЫН**

Анасына таңдана,  
Сәнді киім киінген:  
«Апа,— деді, жас бала,  
Балғын тәтті тілімен.

Айтшы апа, қай жаққа,  
Киініп ерте барасың?  
Қыспен бірге құшақта,  
Маған да орын табасың».

Қарағым — деді — той бүгін,  
Теңдік алған күніміз.  
Түнек түннің мұң жүгін,  
Түсіріп ек бүгін біз.

Мынаны кім сый етті?—  
Деп жас бөбек — не үшін?  
Анасының көрсетті,  
Еңбек Ері белгісін.



Еңбек еттім талай жылдар,  
Деді анасы: шырағым.  
Өз ісіме болдым құмар,  
«жоқ»-тан «бар»-ды құрадым  
Жақты өмір шырағын.

## КӨКТЕМ

Нәзік жанды,  
Мейірбанды,  
Анадай құшқан баласын.  
Келді көктем,  
Нұрын төккен,  
Жайнатып дарқан даласын.  
Құмарлана,  
Құшағында,  
Нәрестедей жатты жер.  
Көктем — ана,  
Күлім қаға,  
Туды маусым сәт тілер.  
Аяз қарып,  
Қар жамылып,  
Көрген дауыл боранды.  
Көктем берген,  
Тәтті нәрден,  
Жасыл жібек оранды.  
Құстар сайрап,  
Дала жайнап,  
Күй төгілтті әсем саз.  
Айдын көлде,  
Дөңгелене,  
Сырнайлатты аққу, қаз.  
Кең далада,

Тұр жинала,  
Соқа, сепкіш, трактор.  
Әзір, дайын,  
Солдаттайын,  
Көрер көзге ұнап тұр.  
Бұйрық келсе,  
Аттан!— десе,  
Жорығына мол еңбек.  
Кетпек тасып,  
Тұқым шашып,  
Жер толқыған жыр кернеп.

11.03.1951 ж.

## ЖЫЛҚЫШЫ ҚЫЗ

Маң дала.

Сансыз жұлдыз құрапты аспан,  
Ақша бұлт өтті аймен құшақтасқан.  
Сұлудай сылқ-сылқ күліп Тобыл жатыр,  
Толқыны жарды соғып көбік шашқан.

Тізілген, жар қуалай ғажап орман,  
Баладай ағын суға қарап тұрған.  
Жасартты өзен бойын торғын тоғай,  
Жастардай бақшадағы сейіл құрған.

Қойнауы сол өзеннің көкше құрақ,  
Тербеліп самал желмен тұр сылдырлап.  
Жайылып жүр қылшылдап құйрық, жалы,  
Сәйгүлік, бота тірсек, қамыс құлақ.

Күлімдеп қарақаттай қара көзі,  
Астасып Ай нұрымен ақша жүзі.

Ойнақтап ақбоз аты билеп басқан,  
Жылқының шетінде жүр қазақ қызы.

Қаракөз бізге таныс — еді Гүлім,  
Еңбекпен аты аян бұдан бұрын.  
Былыр ол өзгелерден озық шығып,  
Шығынсыз өсіріпті сексен құлын.

Ауылдың жылқы баққан кең өңірі,  
Сауынды қымызы көп ел өмірі.  
Көрінді көтеріңкі адам түгіл,  
Құлын, тай кісінеген жер көңілі.

3.03.1951 ж.

## **МАЙ ЖЫРЫ**

Толқып өссін — деп биылғы егінжай,  
Қарсы аламыз, сый-құрметпен елім бай.  
Еділ, Жайық қосылғандай Есілмен,  
Жыл еркесі — жерді жайнат келіп Май.

Ақ жүзіңнен шаттық шалқып, нұр тамып.  
Гүл тағынып, жасыл жібек оранып,  
Ардақты ұлын көп сағынған ағадай,  
Құшақ жайып, келдің қайта оралып.

Көркем дала, көркіне сай орман, көл,  
Өлкем толы қырға шығар еңбекші ел.  
Сенде шалқып, қызу науқан ұраны,  
Мол өнімді ақ бидайын бермекші ел.

Маған қымбат: жусан, жуа, әр гүлің,  
Қызығы көп: әр жылы кеш, әр күнің.

Жасыл майым — махаббаттың маусымы,  
Менің дайын қарсы алатын ән, күйім.

7.04.1951 ж.

## ҚАЗАҚСТАН СОЛДАТЫ

Жәлел Қизатовқа

### 1. Арқадан Берлинге

Арқадан шыққан жас жігіт,  
От кешкен жорық күндері,  
Ыза, кекпен көз тігіп,  
Құлшынды алға, ілгері.

Кірді ішіне қан майдан,  
Өмір мен өлім белдескен.  
Арпалыс, ажал тор жайған,  
Қанекей келсең кел дескен.

Жараланды оқ тиіп,  
Жас жігіт балғын тәні де.  
Кетердей ауыр мұң үйіп,  
Салды ажал ащы әніне.

Қажымады, ол бірақ,  
Жайлады жауды, өлімді.  
Ұмтылды алға қаттырақ,  
Зор үмітпен сенімді.

Өтті талай елдерден,  
Кектенген айбын, даңқпен.  
Батыр етіп, дем берген,  
Жүректе нұрлы жарықпен.  
Аянбады ажалдан,  
Артында дарқан елі үшін.

Сескенбеді тажалдан,  
Беу, қаракөз сен үшін.

Есінде жүрдің қалқажан,  
Егінде, малда, еңісте.  
Сағынып, күтіп аңсаған,  
Сен бастадың жеңіске.

Қазақтың шалқар даласы,  
Қасында бірге келеді.  
Артында қалған анасы,  
Күш, қуат, жігер береді.

Осылай аға, ақылдым,  
Қорқыныштардан безіп жүр.  
Оқ қағар серті батырдың,  
Жеңерін ертең сезіп жүр.

Қалды талай жерлер де,  
Қалды таудың қиясы.  
Ту қадады Берлинге  
Зұлымдық сол ғой ұясы.

Қайтты жорық жолынан,  
Жасап ерлік сан рет.  
Жанды атқан оғынан,  
Ондап танкі, самолет.

Білдіргендей терең сыр,  
Ерлігінің айғағы —  
Алтын Жұлдыз.

Төгіп нұр,  
Омырауында жайнады.

Өлім шашып, қан төккен,  
Өтті қанды сұрапыл.  
Ізін басып, өрт өткен.  
Күйген жерге өсті гүл.

## **2. Москвада**

Ордасы еркіндіктің — Москваға,  
Барды ол — ел өкілі, жұрт қалаған.  
Ақтауға зор сенімді құмарлана,  
Алуға жаңа бағыт астанадан.

Көргенде жиын-тойда жолдастарын,  
Толқыды білегінде заман күші.  
Тағы да келді құтты жол бастар күн,  
Болған соң өз халқының қалаулысы.

Жеткізді ел сәлемін астанаға,  
Табыс қып, ақ бидайлы жұрт алғысын.  
Биіктен жарқырады асқарала,  
Көрсетіп естіген жан құптарлы ісін.

Жайнаған салют қандай іңірдегі,  
Зср дүбір баяғыдай дүрілдеді.  
Барғанда «Белгісіз Солдат» алауына,  
Батырдың еріндері дірілдеді.

1951 ж.

## ҚҰРБЫ — ДОСТАР

Қыспағында қара күштің,  
Жас жүректі жандырдың сен.  
Күтпес ауыр күйге түстің  
Жаңылдың ғой, жан құрбым, сен.

Гүлің ұшты қаңбақ болып,  
Сөнді бірге махаббатың.  
Өмірдің бар бояуы оңып,  
Бұздың жастық салтанатын.

Мейлің ая, немесе күл,  
Өз еркіңде құрбы, досым.  
Бір қалпында тұрмайды өмір,  
Сенсіз өтер менің қосым.

1949 ж.

## СӘЛЕМ ХАТ

Қабыл ал бір құрбыңнан ыссы сәлем,  
Жаныңа жігер берсін осы өлең.  
Аққудай айдын көлде қалқы достар,  
Бәріңді байқар сонда бүкіл әлем.

«Жүрмін»—деп, жат өлкеде көңілге алма,  
Уайымды азық етіп, қажып талма.  
Қиындық ақ қояндай қашсын сенен,  
Тоятта, аспанға өрлеп бол қаршыға.

Түсінем жайларыңды мен білемін,  
Не мақсат көздейтінін жас тілегің.

«Жастық» — деп аласұрып соғуменен,  
Айтқандай болды мұңын, жас жүрегің.

«Ел қайда, сайрандаған жерім қайда,  
Күліскен әзіл айтып теңім қайда»,—  
Деп қиял шарықтаса дүниені,  
Пайдасыз бос күрсініс, сенім қайда?

Қайғы-дерт қапылыста дақ салмай ма,  
Жүректе «елім» деген тат қалмай ма.  
Ел алыс, ауыл алыс, біздер алыс,  
Сонда да шын мықтылар жол таңдай ма?!

Сендер — қаз айдын көлден кеткен ұшып,  
Ертең-ақ жадырарсың қайта түсіп.  
Налыма алыс жақта күн өтті деп,  
Күн өтсе, жастық өтпес тұрар пісіп.

Ертең-ақ туған елге ораларсың,  
Жадырап әзіл айтып қол аларсың.  
«Кәрі»,— деп сұлу қыздар безе қоймас,  
Әлі де бозбала боп саналарсың.

Қош достар, сөге көрме хат жазды деп,  
Лапылдап, жырын төкті жастық жүрек.  
Бәрің де аман-есен елді көр деп,  
Қаламын, шын ниетпен тілек тілеп.

1949 жыл.



## СӘУЛЕ ҚЫЗБЕН АЙТЫС

Күз кезі. Дүние тегіс салғырт тартқан,  
Кілемдей, дымқос жапырақ жерді жапқан  
Ерке Есіл қоштасқандай кербез жазбен,  
Сұлудың шолпысындай сылдыр қаққан.

Сайрандап осы кезде жолым түсіп,  
Жастықпен әлем кезіп шырқай ұшып.  
Қызылжар қаласында достарыммен,  
Бір үйде отырғанда басты қосып;

Есіктен кірді бір қыз орта бойлы,  
Күлім көз, ақша бетті, терең ойлы.  
Қыр мұрын, қиылған қас, қызыл ерін,  
Көз тартар нәзік белі, алма мойны.

Білісіп аты, жөнді, амандасып,  
Ілісіп, әзіл сөзбен қалжыңдасып.  
Ару қыз бойы үйреніп алғаннан соң,  
Былай деп бір сұрақты қалды басып:

«Дүниеде қай зат жаман, қайсы тәтті,  
Адамның қай мүшесі ең қымбатты?  
Ойланып, шешулі бір жауабын бер,  
Шешем деп осыларды басым қатты».

Қалқатай, дүниеде ең бір жаман,  
Кеудесі еш сенімсіз, болса надан.  
Екінші — жақсылыққа жамандық қып,  
Досқа — қас, қадір білмес кейбір адам.

Түсінем, дүниеде ең бір тәтті,  
Екі жас арасында махаббатты.  
Жүрегің махаббаттың туы болса,  
Адамның сол мүшесі ең қымбатты.

Деді қыз: «Екі жүрек араласып,  
Қай кезде бірге соғар, бірге тасып.  
Қай кезде сүйген жардан көңіл суып,  
Қайтады жас талабың, жүрек жасып?»

Сүйген жар құшағында жүрек жасар,  
Сүйкімді жарың болса көңіл ашар.  
Бүркесе ақ етіңді жібек шашы,  
Қос жүрек сонда сәтті араласар.

Кей кезде сүйген жарың бәлсінгендей,  
Құшаққа кірмек түгіл қолын сермей.  
Үзіліп махаббаттың жібек бауы,  
Алшақтар жүрегінен орын бермей.

«Құрбым-ай»,— деді сұлу, дұрыс сынау,  
Жөн көрсет, үлгі таста, тағы сұрау:  
«Кей адам білмесе де, көп білем деп,  
Дұрыс па «оқымысты» өзін санау?»

Бұл мінез әсіресе қыздарда бар,  
Санайды қол жетпестей өзін шынар.  
Мақсаты от басында әйел болу,  
Арманы осы ғана көңілі тынар.

Олардың химиясы — шай қайнату,  
Зор ғылым физикасы — бала ойнату.  
Оңтайлап жылы орында көксегені,  
«Ойбайлап» таба, көсеу сылдырлату.

Қалғандай, терең судан талды қармап,  
Отырар бейпіл сөзбен ерін қарғап.  
Екенін «оқымысты» осыдан біл,  
Баттитып «қол қой»,— десе басар бармақ.

Сәуле қыз, сөге көрме, қымбат құрбы,  
Өлеңмен баяндадым біраз сырды.  
«Бір көрген біліс»,— деген, еске ала жүр,  
Құрбыңды, мың толқынды жас өмірді!

Осымен тоқтағанда сөздің шеті,  
Балбырап, алма қызыл екі беті.  
Деді қыз: «Рас, достым, сының дұрыс,  
Құрбыңның ұмыт болды ескі дерті».

1948 жыл.

### АЙТАМ НАЗ

Зырылдап, минут санап өтер өмір,  
Айрылып жастық шақтан бітер көңіл.  
Иран — бақ бақшасындай жастық уақыт,  
Раушан, әсем мезгіл кімге жеңіл.

Аспандап, шарықтаған қиял тәтті,  
Сүйеді өмірлік жар махаббатты.  
Айнымас мәңгілік жар іздегенде,  
Ғафу ет жүйрік көңіл сізді тапты.

Асусыз махаббаттың жолы берік,  
Налымай өтуіне ақыл серік.  
Адаспай тура жолын табады деп,  
Мінекей сәулем саған бердім ерік.

Адаспа ақыл қайрат, болсын жолдас,  
Налыма, қайғы жеңген адам оңбас.  
Арманға қара түнек кез боп қалса,  
Тасқында осы дәурен қолда тұрмас.

1948 жыл,

## ҒАШЫҚ ЖАРҒА

Жастық шағым, қызыл гүлім, жарқын ән,  
Жастық жалын жүрегімді шарпыған.  
Мен бір бұлбұл қызыл гүлге ғашықпын,  
Сен сол гүлсің жұпар иісі аңқыған.

Бастасаң да не бақытқа, не сорға,  
Тастасаң да жанған отқа, не орға.  
Менің еркім сіздің қолда — берілдім,  
Жастық шақты мейлің өшір, не қорға.

Ұстап қалмай қызыл түлкі құйрығын,  
Баяндаймын жүрегімнің бұйрығын.  
Махаббатқа құлаш жайған мен бір жас,  
Аңсап келдім албырт жастық сыйлығын.

1948 жыл.

## ЖАСТЫҚ НАЗ

Хабаршым деп, ақ қағаз жаздым өрнек,  
Жүрек сыры әуелеп қанат сермеп.  
Айдын көлде аққудай төсін керген,  
Құлпырасың толқындай көңіл тербеп.

Қара түнді сен едің жарқыратқан,  
Мың құлпырып, сен бір — гүл, көзді  
тартқан.  
Жылы кәусәр сөйлесең төгілгендей,  
Жазылғандай дертінен дәмін татқан.

Төсіме алып сол гүлді, сүйіп құшам,  
Құшақ жайып, сол нұрда балқып тұрсам.  
Кәусәр суға төгілген мейірім қанып,  
Бірге толқып, жастықта сайран құрсам.

1948

## СӨЗ ЗАЯ

Жаңылдым махаббатты қор еттім мен,  
Жастықпен алабұртқан, әуелеген.  
Жарым деп қол созғаным жат жан болып,  
Жиіркентті махаббаттан жастық деген.

Бал бұлақ лайланды жатқан толып,  
Қызыл гүл дегенімнің бояуы оңып.  
Сандуғаш алтын тұғыр ұстасам да,  
Басымды әуре етті жерге қонып.

Қор болдың, беу махаббат, жанға сая,  
Ұмтылып жар табам деп, құлаш жая.  
Ұғарсың, енді босқа ұрынбассың,  
Дегендей, білмеске айтқан сөзің зая.

Бола алмас білімсіздер саған орын,  
Әділдік, тең сүйісу сенің жолың.  
Жүрегің, асыл сөзің бәрі зая,  
Ұқпасқа айтқан білмес оң мен солын.

1948 ж.

## **КӨКТЕМДЕ**

Көктемде, бақшада гүл жақсы,  
Сыбырын-гүбірін тыңдатшы.  
Оңаша кездессек қалқатай,  
Көрерің бәрінен тым жақсы.

Бақытым алыста демеймін,  
Өтті ғой бейтаныс өгей күн.  
Шық бері тілегім, мен сені,  
Аспанда жұлдызға теңеймін.

Бел, белес өткерер бұл өмір,  
Бұлт көшер, бұлтармай бірге жүр.  
Ерке жел есіп тұр сипалап,  
Жел күлді, мен күлдім, сен де күл.

**1948 жыл.**

## ПОЭМАЛАР

---

### ӨМІР МЕН АЖАЛ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Қызыл торғын нұрын шашып,  
Сәулесіне жерді бөлеп.  
Көк жиектен белді басып,  
Күн де шықты көкке өрлеп.

Арай сүйгіш ерке бұлбұл,  
Ән төгілтті талға қонып.  
Таңмен бірге қызды өмір,  
Дала шаттық, базар болып.

Дәл сол кезде бұқты жерге  
Мен көрмеген ғажап адам.  
Жарқанатпен жатты бірге,  
Таңнан қорқып жарқыраған.

Үсті жыртық, өңі жүдеу,  
Сақалы бар бетін басқан.  
Бойы ұзын бейне тіреу,  
Көзінен от, ызғар шашқан.

Бері қара! Темір етік,  
Киіпті ғой аяғына.  
Орнатыпты берік етіп,  
Бас сүйекті таяғына.



О, Масқара! Қара тісін,  
Бәрі қылыш тізіп қойған.  
Жексұрын, жат, мұндай пішін  
Не іздейді, келді қайдан?..

Бұл — атақты Ажал еді,  
Сапар шеккен, дүние кезіп,  
Өмірде бар алмақ кегі,  
Келді, жүрген ізін сезіп.

«Құр қалдырған көп тамақтан,  
Өмір — дейді тісін қайрап.  
Сезем исін осы жақтан,  
Тауып оны, жеймін шайнап».

Ажал күндіз тынығатын,  
Жек көретін шыққан күнді.  
Еркін кезіп жол шығатын,  
Жатты аңсап түнек түнді.

Кекті ойдан маза кетіп,  
Сүймесе де тұрды таңды.  
«Болжаймын» деп төңіректі,  
Жан-жағына көзін салды.

Кенет түсі қуқыл тартып,  
Даяр астан етті үміт.  
Көрді гүлде жатқан шалқып,  
Қатты ұйқыда сұлу жігіт.

Тани кетті, жатқан — Өмір,  
Келіп ажал басқа ұрды.  
Тамағынан тіспен темір,  
Тістеп қатты қылқындырды.

Кенет қатты соққы тиіп,  
Есеңгіреп кетті ұшып.  
Арсыз жаны тартып күйік,  
Жатты үнсіз, сұлық түсіп.

Өз орнынан Өмір тұрып,  
Ойға алды әлденені.  
Бойын түзеп, мойнын бұрып,  
Келді Ажалға тілдескелі:

Тұр орныңнан, арсыз Ажал,  
Кескілескен мәңгі жауым.  
Жүрсің неге, бізде нең бар,  
Өз жеріңнен неге аудың?..

— Іздегенім өзің едің,  
— Қашаннан мен досың едім?  
— Кекті қойшы, одан да сен,  
Айтшы, жасың қанша сенің?

— Жасым үлкен сенен Ажал,  
— Ендеше бір сұрауым бар.  
Сен — сұлусың, жас жігітсің  
Неге менде әжім, сақал?..

— Алғыспенен ел көгерер,  
Қарғыспен ез жерге кірер.  
— Түсініксіз... Мені де жұрт,  
Сүйіп, жақтап көмек берер.

Деді де ол қара баптан,  
Алып қағаз ұйпа-тұйпа.  
Трумэн достым өзі ұнатқан,  
— Деді — шарты Атлантика.

Алтын жазу тамаша хат,—  
Өмір алды қалтасынан.  
Көріп жауын бес миллиард,  
Ажал түсті шалқасынан.

Қойған қолды сонша адам,  
Бейбітшілік үндеуіне.  
Болмауына қанды майдан,  
Ажал өмір сүрмеуіне.

Ажал жатты жанталасып,  
Байлағандай бейне сиқыр.  
Күн нұрымен құшақтасып,  
Қаратпайды алтын цифр.

Кенет келді ән құлаққа,  
Күшті өктем сөзі әрбір:  
— «Ажал болмас болашақта,  
Біз жасаймыз мәңгі өмір».

Өнді естіп жауыз Ажал,  
Селк етті де, жылай берді.  
Сұрай берді, таппай амал,  
Білдің бе — деп — осынау елді?

— Білемін. Бұл — жауың сенің,  
Соғыс сүймес бейбіт ел.  
Тұрағым сол достым менің —  
Қазақстан — деген жер.

— Сауғаға бер, өз басымды,  
Қайырымды едің Өмір.  
Байқаймын мен оңбасымды,  
Сенде күш көп, сенде — өмір.

— Бар, жүре бер, ұят жеңер,  
Арам қаның емес дәрі.  
Мені де ұғар кезің келер,  
Бір түзелер дүние сәні.

Өмір қалды өз орнында,  
Күліп жауын басқанына.  
Ажал солғын бұрылды да,  
Кетті басқа «достарына».

1951.

## ҚАРТ СЫРЫ

### 1

Ақ сақалын бір сипап,  
Көзі аулаққа ойқастап.  
Қария Ерен отырды,  
Өткен күнге ой тастап.

— «Ата, әңгіме айтшы»,— деп,  
Жабысқанда қолқа сап.  
Нұрлы жүзі күлімдеп,  
Отырды ол жадырап.

Енді міне тым кенеттен,  
Бір ноқатқа кез қадап.  
Қарт қабағы түйіліп,  
Отырды ойын созбалап.

Өртегендей ой ішін,  
Кеуде жара дем алды.  
Көңіл кернеп озған ой,  
Кейде ізсіз жоғалды.

Күрсінді де, қарт Ерен,  
Сырын айтты сөз бастап:

— «Мұң, зар жерді күңіrentкен,  
Нелер ару жас төккен.  
Шеңгелін салып сұм өмір,  
Жүрекке қалың дерт еккен.

Сонау өткен заманда,  
Шабысып қазақ қалмақпен.  
Аямай қан төгіскен.  
Ұйтқыттап байлар олжа үшін,  
Еліріп халық егескен.

Екі елде қан төгіліп,  
Байлар үшін бас кескен.  
Барымта алып, құл алып,  
Байларына сый еткен.  
Талай қыршын қаза тауып,  
Талай боздақ жауда кеткен.

Талай ару жесір қалып,  
Талай ана жасын төккен.  
Барлық малын айдап алып,  
Талай елді тентіреткен.  
Әлпештеген әкесі өліп,  
Талай ұлды жетім еткен.

Үрейі қалмай қорқып халық,  
Мезет сайын ажал күткен.  
Күнде жылау, қамығумен,  
Ұйқысыз, мұңмен күні өткен.

Осындай бір кез жауласқан.  
Ауыл үстін мұң басқан.  
Ол кезде мен баламын,  
Оннан жасым жаңа асқан.

Жігіттер кеткен хан шақырып  
Кемпір-шал қалған, жыласқан.  
Жүгіре шықтым далаға,  
«Жау келді» деген дауыстан.

Келіп қапты қалың қол,  
Аттарын көбік, тер басқан.  
Солқ-солқ етед, қара жер,  
Түйдектелген шабыстан.

Құлақты жарды басқа тіл,  
Самбырлап, қатты шуласқан.  
Тұмандай қаптап, түтігіп,  
Ауыл үстін шаң басқан.  
Күңгірттеніп дүние,  
Бұлт басқандай көк аспан.

Тұрдым қарап ызаланып,  
Ашу, ыза бойды билеп.  
Сәби сезім күйіп, жанып,  
Ауыртады жанды түйреп.

Бір кездерде бір алып күш,  
Тымақтай жерден алды сүйреп.  
Ат алдына салақтатып,  
Жүре берді, орғып гулеп.

Сәби денем сұп-суық боп,  
Талдым сұлық, тигендей оқ.  
Нәзік ойым ауытқиды,  
Шыңғырамын басқандай шоқ.

Кенет бір кез есім кірсе,  
Сорлы анам құлынымдап.  
Зарлап маған жетем десе,  
Жасын төгіп, жайып құшақ.  
Жібермейді атты қалмақ,  
Алдын бөгеп жыланға ұқсап.

Соқтығып атқа зарлап анам,  
Ессіз құлап жерді құшты.  
Мұны көріп анамды алды,  
Бес, алты жау қолы күшті.

Бірі өңгеріп алды дағы,  
Жөнеле берді атын сабап.  
Бұл көрініс ішімді өртеп,  
Бұлқынамын шырылдап.  
Келеді анам менің үшін,  
Өзінің жанын отқа сап.

Еркелеуші ем қамқор-анам,  
Мойыныңнан құшақтап.  
Міне енді құл болмаққа,  
Келеміз атта салақтап.

Қандай сорлы бізден басқа,  
Түсті екен қолға бізге ұқсап.  
Көп ойлардан жүрек сыздап,  
Кетті бойым шымырлап.

Қалмақтардың бізде ісі жоқ,  
Малды айдайды барқылдап.  
Көп олжаға көңілі тойып,  
Мәз болысты қарқылдап.

## II

Екі күндей жүріп суыт,  
Топырлата малды қуып.  
Бір тауға кеп тоқтады жау,  
Үшінші күн кешке жуық.

Малды оттатып, оттар жағып,  
Сүртіп киімін, бетін жуып.  
Алқа қотан отырысты,  
Тамақтанып етпен суық.



Тау басына оралған бұлт,  
Тұр ма таудың басын буып?!  
Баурайында аққан өзен,  
Жалтылдатар тасын жуып.

Арғы жары тіп-тік жартас,  
Төніп тұрған түсі суық.  
Сарқырайды асау өзен,  
Толғанғандай күшін жиып.

Жағасында оттар жанған,  
Маңайында мал қаптаған.  
Сол өзеннің бауырында,  
Байлауда жаттық біз үш адам.  
Өңсіз, сұлық, қырын жатқан,  
Бірі — менмін талмаураған.  
Бурыл шашы жерді жапқан,  
Зар илеген бірі — анам.

Бірі — сұлу, күн нұрындай,  
Жас келіншек уылжыған.  
Шекер еді аты оның,  
Нұр көркіне жұрт таңданған.

Мың толқынды нәзік үні,  
Қоңыраудай сылдырлаған.  
Мақпал қара қолаң шашы,  
Жұмсақ торғын белін жапқан.

Туған айдай қара қасы,  
Жіңішке, қиғаш сызық тартқан.  
Толған айдай ақша беті,  
Қызыл гүлдей мың құлпырған.

Жаудыраған бота көзі,  
Отша жанып, көз тайдырған.  
Ақықтайын аппақ тісі,  
Тізіп қойған ақ маржан.  
Аққудай-ақ балғын дене,  
Қыз күніндей сақталған.

Шақырумен ханға кеткен,  
Сүйген жары ер Атымжан.  
Қайран ару жау қолында,  
Хабары жоқ жас батырдан.

Шекер сұлу, салады зар,  
Тілін ұғар біз ғана бар.  
Жақсы өлең,— деп жау күлісіп,  
Сөзін ұқпай ләззат алар.

Ш е к е р д і ң з а р ы :

Сайранды, еркін өмір біткенің бе,  
Басымнан қызық дәурен өткенің бе?!  
Қуарған гүлдей болып жас өмірім,  
Құлдықта жау қолында кеткенің бе?!

Қош бол ел! Жас күнімнен сайран еткен,  
Қош бол жер! Мекен етіп, туып өскен.  
Қош далам! Жемісін жеп, асыр салған,  
Қош көлім! Балдай тәтті суыңды ішкен.

Көрмеспіз мәңгі енді қош бол, жарым,  
Қош жаным! Кек жібермес арыстаным.  
Жан жарың ажалға өзі кіргелі отыр,  
Кернеді тұла бойды намыс-жалын.

Зарлайды Шекер ару қайғыға еніп,  
Ботадай қара көзін жасқа көміп.

Гүлдейін құлпыратын сұлу өңі,  
Қайғымен сұрғылт тартып, күңгірттеніп.

Қан қызыл, жұқа ерні, ақша беті,  
Бозарған қызыл гүлдей қалған семіп.  
Қайратты әсем, түзу балғын дене,  
Дірілдеп әлсіз тартты, қайғы еміп.

Мақпалдай қара шашы бытыраңқы,  
Жайылып жасырады, жерді көміп.  
Қап-қара мөлдіреген бота көзден,  
Жас тамды, жанарында ұшқын сөніп.

Зарына сорлы арудың анам дағы,  
Дәрменсіз жасын қосты күңіреніп.  
Зарлыны аяғандай аспанда ай,  
Тасалап бетін бұлтқа кетті кіріп.

Бір кезде ұйқыға енді жау қорылдап,  
Ұйқысыз көп күн жүрген торуылдап.  
Байлауда жатқан Шекер сол мезгілде,  
Жөнелді өзен жаққа тез домалап.

Шолп еткен су дыбысы шықты бір кез,  
Арудың тәнін сүйген құшағына ап.  
Қош күнім — деді анам әлсіз ғана,  
Кемсеңдеп күрсінді де, бетін сипап.

### III

Қалмақтар тұрысты да таң сібірлей  
Жиналды малды жинап, атты ерттей.  
Шекерді іздегенмен таба алмады,  
Тоқтамай жүре берді тау бөктерлей.

Бізді де баяғыша алды өңгеріп,  
Алдына, салақтатып атқа теңдей.  
Жүрісі қалмақтардың жанды қинап,  
Зарлаймыз көздің жасын етіп селдей.

Өзі ашып шымылдығын атқан таңның,  
Бозторғай шырылдайды аспанға өрлей.  
Сығалап көк жиектен шықты алтын күн,  
Нұр шашып қызыл торғын, жерді көлбей.

Екі күн бұдан әрі жүрдік және,  
Үшінші күні, сәске көтеріле.  
Жеттік біз шошақ төбе, қараша үйлі,  
Қалмақтың Асхи деген шаһаріне.

У-шу боп барлық қалмақ жиналысты,  
Шаттықты, қуаныш бар күркіреген.  
Қол соғып, мәз болысып, дабырласып,  
Дүниені шуға бөлеп күлкілеген.

Бізді де ортаға алып түсірді аттан,  
Жапырлап қарап, күліп, қалады таң.  
Босатып қол, яқты алып жүрді,  
Сарайға шеткі, істелген тоқып талдан.

Жүре алмай ғаріп анам зорға барды,  
Жол соғып, қайғы батып есін алған.  
Қамады екеумізді есік кілттеп,  
Сарайға, түк көрінбес іші жаман.

Қиналып, сол жатқаннан тілге келмей,  
Шалдығып, шаңқай түсте өлді анам.  
Жалғыздық жан шошытып қараңғыда,  
Даусымнан жұрт жиналды шырылдаған.

Анамды сүйреп салды қазған көрге,  
Аят жоқ мұсылманша ырымдаған.

Осылай жау қолында қалдым зарлап,  
Аяттай жылай бердім зарымды арнап.  
Желкемнен бір түйді де, алып кетті,  
Бір байға құл етуге жауыз қалмақ.

Құл болып кете бардым қозы баққан,  
Дұшпанның туды күндер қолы батқан.  
Мұңдасым шер тарқатар жалғыз бейіт,  
Ішінде қайран жалғыз анам жатқан.

#### IV

Бір байға құл қып берді Тахи деген,  
Ұйықтайтын үйім — қора шөп төсеген.  
Тынымсыз бай жұмысын істесем де,  
Үш мезгіл шикі піскен ботқа берген.

Қисын ғып әрнәрсені ұрып-соғып,  
Балдырлап, көзге шұқып көп зекіген.  
Бейнетке жас басымнан мойын сұнып,  
Көндім мен хабар болмай ел шетінен.

Тынымсыз жұмыс істеп, қозы бағып,  
Жүдедім, зарлауменен жасым ағып.  
Кір басты, ернім жалақ, басым қотыр,  
Сүзектен тұрғандаймын, тарыққаннан.

Жүдедім киім тозып, шөлдеуменен,  
Ел жаққа көз тігемін, зарыққаннан.  
Өтті үш жыл осылайша қорлықпенен,  
Жылаумен зарлап өксіп, көніккен ем.

Бір күні бір үн шықты тым алыста,  
Сол жаққа қойды айдадым жұбанышқа.  
Таңданып тұра қалдым, құлақ тосып,  
Бастай гөр — деймін Алла қуанышқа.

Қазақ тілін «Елім» — деген татынып,  
Сол дауысқа ұштым оқтай атылып.  
Келсем терең қазған зындан ішінде,  
Ер тұлғалы жігіт отыр аһ ұрып.

Зындандағы жігіт:

— Мінекей төрт жыл толды, мен қапаста,  
Көңілім — мұң сандығы, көзім жаста.  
Есімнен бір кетпейсің, қайран елім,  
Ақ кірді шөлдеуменен сақал-шашқа.

Бітіртпей зар аяғын сөйлей бердім,  
Үңіліп тас зынданға еңіредім:  
— Ей, аға! Аты-жөнің кім болады,  
Қай жерлік, қай рудан еді елің?

Қарады сонда жігіт, ұшып тұрып,  
Тордағы арыстандай зынданды ұрып.  
Сәулешім, өзің қайдан?— деді өктем,  
Көздері отша жайнап, алабұртып.

Елімнен тұтқын болған мен бір бала,  
Қолында жау қалмақтың өлді ана.  
Болғалы ғарып тұтқын үш жыл болды,  
Руым Қойлыатығай, елім — Шаға.

Мен едім, сол еліңнің Қайрат ері,  
Ұйқыда қалмақ байлап алған мені.  
Бәрін айт амандығын туған елдің,  
Аман ба тең-құрбылар, жас пен кәрі?»

Естуші ем ер Қайраттың әңгімесін,  
Қуатын жауды, алып берекесін

Соғыста талай рет жауын қырған,  
Алысып арыстандай, елім үшін.

Аң аулап кеткенінен қайта келмей,  
Таба алмай жұрты қалған ешбір ізін.  
Қайраттың өзі бүгін айтуынша,  
Басынан өткен қилы әңгімесін.  
Бір жерде атын тұсап, ұйықтап қалып,  
Кезінде қолға түскен кіші бесін.

Айттым да амандығын бәрінің де,  
Қайраттың құлақ тіктім бар сөзіне.  
Құтылу тас зынданнан жолын айтып,  
Екеуіміз кетпек болдық бүгін түнде.

Мен оған ағаш тасып бермек болдым,  
Ол баспа қылмақ болды, берсе жолын.  
Мен түнде байдың атын мініп келіп,  
Бұзбақпыз тұтқындықтың қатал торын.

Тынымсыз күні бойы ағаш тасып,  
Зынданға тастай бердім жанталасып.  
Ағашты жеткілікті үйіп беріп,  
Ауылға келдім, қоймен араласып.

## V

Ұйқыға байдың үйі кірген шақта,  
Қорадан мен де шықтым ашып қақпа.  
Байланған үй сыртында, жер тарпыған,  
Ерімен жаратулы міндім атқа.

Шу дедім сауырына шыбық салып,  
Жүйткіді жеткізбестей атқан оққа.

Көңілім желмен жүйткіп, қуанады,  
Сәби ой ауытқиды шар тарапқа.

Шарықтап тәтті қиял, дүние кезіп,  
Елестеп кетті көзге ауыл жақ та.  
Шомылып тәтті қиял дариясына,  
Ойымның толқынында жүзген шақта.  
Алдымнан Қайрат ағам шыға келді,  
Сыбырлап:— Ерен сәулем — дейді тоқта.

Екеуміз мінгестік те, жүйткіп желдей,  
Зауладық елді беттеп бөгет көрмей.  
Қоштастым зиратымен жан анамның,  
Толқыды жасқа толы көңіл көлдей.

Жұлқиды, сүзе тартып ат-қарагер,  
Киіктей секіріп, зырлап, дөңгеленер.  
Аймалап, тілегендей жол болсын деп,  
Желпиді алдымыздан бір майда жел.

Жол тауып үш күннен соң еш бейнетсіз,  
Апарды туған елге Қайраттай ер.  
Қосылып туған елге, азат болып,  
Жуылды қуаныштан қайғы мен шер»...

\* \* \*

Уһлеп, көтерді де, қарт еңсесін,  
Бір сипап, ақ сақалын жапқан төсін:  
«Шырағым, ол замана солай ғой»,— деп,  
Бітірді қарт ғажайып әңгімесін.

16.02.1948 ж.



## КЕКТИ АРУ

### I

Бұлтсыз аспан. Жұлдыз жайнап,  
Самалмен гүл тербеледі.  
Аспанда ай жүзіп жайлап,  
Еркелете нұр төгеді.

Сырлы үнмен сылаң қағып,  
Ағып өзен тыныш қана.  
Көк жібектен шашақ тағып,  
Тұрды орман бұйралана.

Естіп әсем бұлбұл үнін,  
Тұрды мүлгіп таудың шыңы.  
Сүйіп беттен суық гүлін,  
Көтерілді таңның шығы.

Үнсіз түннің құшағында,  
Жатты село, тыныс алып.  
Шетте, корей лашығында,  
Сәл көрінеді, кейде жарық.

Не сыр жатыр лашықта,  
Неге ояу, таңға жақын?!  
Күйген жас па ғашықтыққа,  
Жоғалтқан жас махаббатын...

Әлде, соғыс салып бүлік,  
Аяулысын өлтірді ме?  
Әлде қыз ба, кесте тігіп,  
Дем алмаған ұзақ түнге.

Жүрші, достым білейікші,  
Не сыр барын, жүрші жылдам.

Лашыққа кірейікші,  
Құмар қылып, сыр ұрлаған

Лашықта отыр ана,  
Жасы отыздың шамасында.  
Құшағында екі бала,  
Екі мен бес арасында.

Ана аты — Ким Тамара,  
Осы жерлік корей қызы.  
Өлген жары қан майданда,  
Жар жүзінде қайғы ізі.

Қара көзден от ұшқандай,  
Отыр ана, ер пішінді.  
Нәрестемен мұңдасқандай,  
Қарады да, бір күрсінді.

Кенет жайнап тұрды ана,  
Нәрестесін алып қолға.  
Сүйіп беттен құмарлана,  
Жүрек сырын айтты сонда.

«Қош, бөбегім, әкең кегін,  
Алуға мен аттанамын.  
Болашағың үшін сенің,  
Қаруыма оқ саламын.

Қош бөбегім, жан бөбегім,  
Аялап ем, еркелетіп.  
Жеңіспенен мен келермін,  
Тұған жерді азат етіп».

Айтып болып ақтық назын,  
Дайындалды ұзақ жолға.

Түйіншегін, жол азығын,  
Ақтық сүйіп алды қолға.

## II

Қараңғыны сырып жайлап,  
Білінді таң сәулесі.  
Тұрған түнек көзді байлап,  
Көтерілді түн пердесі.

Осы жерде бір жыл бұрын  
Таң атқанда күлім қағып.  
Шырқаушы еді, бұлбұл жырын,  
Гүл тұрған еді мың бұралып.

Көкжиектен күлім қағып,  
Шығатын ед, алтын күн де.  
Сұлу бақша нұр жамылып,  
Шалқушы еді нұрмен бірге.

Қазір басқа гүрсілдеген,  
Тек естиміз ажал үнін.  
Жалын лаулап көтерілген,  
Бетін басып алтын күннің.

Бұлбұл да жоқ кеткен ұшып,  
Бейбіт өмір, іздеп жайды.  
Бақша да жоқ бомба түсіп,  
Тек, тынымсыз оқ зулайды.

Сарт-сұрт айқас астан-кестен,  
Қан майданның нақ өзінде.  
Өмір, өлім кескілескен,  
Қиын минут, бір кезінде.

Бір төбені жалғыз қорғап,  
Жатты біздің Ким Тамара.  
Пулеметтен кеткен самғап,  
Ұшты оқтар жалындана.

Арпалысты Ким Тамара  
Пулеметке оқты салып.  
Атты жауын ызалана,  
Намыс туын қолға алып.

Көрінді оған оқтың бәрі,  
Кектің әнін шырқағандай.  
Елестейді ғашық жары,  
Риза болып, тұрған жандай.

Мә, басқыншы сазайың!— деп  
Жарқылдатты кектің отын.  
«Ат, қаруын, ажалды төк,  
Дұшпанына махаббаттың»—

Дейді ару, оқты төгіп,  
Қарап жаудың өлгеніне.  
Дейді кекті көзін тігіп,  
«Кегім үшін аз әлі де!»

Кенет, жаулар сол жағынан,  
Ұмтылды кеп, Тамараға,  
Бір аруды отыз адам,  
Кескілемек бөлеп қанға.

Жоқ,— деп ару, бұрып алды,  
Пулеметін жауға көздеп.  
Қорғасыннан қар боратты,  
Келген жауға ажал іздеп.

Кекпен қайнап оқтар ұшты,  
Оқ тасқыны кетті басып.  
Жиырма жауыз, көрді құшты,  
Қалғандары кетті қашып.

Кенет тиді оқ иыққа,  
Қаңғырған оқ ұлып келіп.  
Батқандай боп тұңғиыққа,  
Кеткендей жер төңкеріліп.

Елемеді, ару оны,  
Елетпеді, ыза мен кек.  
Босамады кілттен қолы,  
Зулай берді оқтар үдеп.

Көп ақты қан елемеді,  
Жанға батқан жау жарасын.  
Төгіп оқты ата берді,  
Ата берді, жау қарасын.

Әлсіреді аққан қаннан,  
Жас жүрегі соқты тулап.  
Төңкерілді кенет аспан,  
Талықсыды, кетті құлап.

Өңі қашып, құлады да,  
Жатты ару жараланған.  
Кенет келді құлағына,  
Айбынды үн уралаған.

Бұл көмекші бөлім еді,  
Шабуылға кетерілген.  
Көмек бере келіп еді,  
Тамараға, қатер төнген.

Өз полкінің командирі —  
Тамараға келіп, Ключ.  
Қолын тақып: «бәрің — деді —  
Отаныңды осылай сүй».

Қанды жорық санап ізін,  
Жауынгөрлер күлімдескен.  
Деп: «үлесі — батыр қыздың,  
Бүгінгімен болды сексен».

Ашып көзін Ким Тамара,  
Қара көзі төңкеріле.  
Соғысамын, бітсе жара,—  
— Деді — кекке аз әлі де.

Жаншып жауын, қуалады,  
Кореяның ер ұлдары.  
Госпитальға Тамараны,  
Жөнелтті де, кетті әрі.

## МАЗМҰНЫ

Қыршын ғұмыр (алғысөз) . . . . .	3
----------------------------------	---

## ӨЛЕҢДЕР

Отаным . . . . .	14
Ой . . . . .	14
Ауылымдамын . . . . .	15
Мен — азамат . . . . .	15
Қыз тартуы . . . . .	16
Қызыл гүл . . . . .	17
Ақ қайың . . . . .	17
Көктем желі . . . . .	18
Баспасөз . . . . .	19
Екі кезең . . . . .	20
Ел тілегі . . . . .	21
Екі кино . . . . .	22
Қуанышты хат . . . . .	24
Тыңда, зұлым . . . . .	25
Қардан жасалған пішін . . . . .	26

Сайлаймыз біз . . . . .	27
Алтын заң . . . . .	28
Осы заңнан тараған . . . . .	29
Бейбітшілік көгершіні . . . . .	30
Жазғы кеште . . . . .	31
Сәлем . . . . .	32
Отан . . . . .	33
Мен қайсармын . . . . .	33
Қазақстан . . . . .	34
Қыс күндері . . . . .	35
Шөлдегі орман . . . . .	37
Жақшы өмір шырағын . . . . .	38
Көктем . . . . .	39
Жылқышы қыз . . . . .	40
Май жыры . . . . .	41
Қазақстан солдатты . . . . .	42
Құрбы достар . . . . .	45
Сәлем хат . . . . .	45
Сәуле қызбен айтыс . . . . .	47
Айтам наз . . . . .	49
Ғашық жарға . . . . .	50
Жастық наз . . . . .	51
Сөз зая . . . . .	52
Көктемде . . . . .	53

## ПОЭМАЛАР

Өмір мен ажал туралы аңыз . . . . .	54
Қарт сыры . . . . .	59
Кекті ару . . . . .	71



Бейсенбай Есмұқанов

## АМАНАТ

Өлеңдер мен поэмалар

(Қазақ тілінде)

Редакторы

А. Естен.

Суретшісі

Қ. Тленшиев.

Көркемдеуші редакторы

Б. Серікбаев.

Техникалық редакторы

Н. Сайфуллина.

ИБ № 5906.

Теруге жіберілді 17.04.98. Басуға қол қойылды 12.05.98. Қалыбы 70×90<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Қаріп түрі. «Журналды келтек». Шығыңқы басылыс. № 1 баспаханалық қағаз. Шартты баспа табағы 2,93. Шартты бояу көлемі 3,22. Есепті баспа табағы 2,82. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс 1698. Келісімді баға.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Республикалық «Кітап» өндірістік бірлестігі, 480009, Алматы қаласы Гагарин даңғылы, 93-үй.

## КІТАП САУДАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ОҚЫРМАҢДАР ЕСІНЕІ

Құрметті кітап сүйер қауым! Сіздер алдағы уақытта біздің «Жазушы баспасынан жарық көрген кітаптарды ешқандай үстеме бағасыз, өз құнына баспаның өзінен тікелей сатып ала аласыздар. Аталған басылымдарды бөлшек, немесе көтерме сауда арқылы қолма-қол ақша төлеп, ие болмаса баспаның есеп-шотына қаржы аудару арқылы сатып алуға болады.

Қазір сатылымда төмендегідей кітаптар бар:

1. **Абай.** Шығармаларының екі томдық толық академиялық жинағы.
2. **Ө. Кекілбаев.** Заманмен сұхбат.
3. **Әуезов туралы естеліктер.** Қазақ және орыс тілдерінде.
4. **Авторлар ұжымы.** Қазақтар. Зерттеу.
5. **Партизан Қасым Қайсенов.** Естеліктер.
6. **Баталар.**
7. **Д. Әшімханов.** Жер аңсаған сары атан. Әңгімелер мен повестер.
8. **А. Сүлейменов.** Бесатар. Әңгімелер мен повестер.
9. **Р. Мұқанова.** Дүние кезек. Әңгімелер.
10. **Наурыз тойы.** Сценарийлер, ұлттық ойындар, жұмбақтар ән текстері.

Біздің мекен-жайымыз:

480009. Алматы қаласы. Абай даңғылы, 143-үй.

5-қабат. «Жазушы» баспасы.

Телефондар: 42-27-43; 43-34-55.